

Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі Республикалық комиссия шешімі: 2024 жылғы тағылымдама нәтижелері

2024 жылғы 23 желтоқсанда өткен Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі Республикалық комиссия отырысының қорытындысы бойынша «500 Ғалым» ғылыми тағылымдамасы тағайындалған үміткерлердің тізімі жарияланды.

Стипендия иегерлері атанған ғалымдарымыз:

\* Қанаева Ләззат Сапарбекқызы – Аударма ісі және шетел тілдері кафедрасының аға оқытушысы, АҚШ-тағы Мичиган мемлекеттік университетінде (Michigan State University) «Жоғары білім саласындағы ғылыми зерттеулер мен практика» тақырыбы бойынша ғылыми тағылымдамадан өтетін болады.

Стипендия иегерлерін шын жүректен құттықтаймыз! Еліміздің ғылыми әлеуетін нығайтуда әрбір ғалымның жетістігі ерекше құндылыққа ие. Ғалымдарымыздың шетелдік тағылымдама арқылы алған тәжірибелері кәсіби құзыреттіліктерін арттырып, олардың болашақ мамандарға сапалы білім беруіне ықпал етеді деп сенеміз.

